

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
13.10.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 13.10.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Бәкірұлы Атамқұлов мырзаға беріледі.

АТАМҚҰЛОВА Б.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобасы Мемлекет басшысының 2018 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасына сәйкес әзірленді. Мақсаты – кәсіпорындардың энергия тиімділігіне қойылатын талаптарды күшейту, сондай-ақ «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамада көзделген жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын одан әрі төмендету.

Заң жобасы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама нормаларын жетілдіруге бағытталған. Жалпы, заңның тоғыз бабына өзгеріс енгізіліп, екі жаңа баппен толықтыру көзделген.

Негізгі бағыттар – мемлекеттік энергетикалық тізілім, энергия аудиті, мемлекеттік бақылау, бюджет секторы және өңірлік саясат.

Бірінші. Елдегі тұтыну көлемінің үштен бірі тиесілі ірі кәсіпорындарда энергия үнемдеу мәселелері бойынша жауапты тұлғаларды енгізу ұсынылады. Олар энергия менеджерлерінің рөлін атқармақ.

Сонымен қатар энергетикалық тізілім шеңберінде жеке сектор үшін ақпарат тізбесін оңтайландыру ұсынылады.

Мемлекеттік сектор үшін автоматтандырылған жылу пунктімен қамтамасыз ету туралы және басқа да ақпаратпен толықтыру арқылы кеңейту көзделеді. Мақсат – ең озық тәжірибелермен әрі қарай салыстыру және ұсыныстар дайындау.

Екінші. Энергия аудиторларына үміткерлерді аттестаттау функцияларын қызметкерлердің лайықтылығын растайтын органдарға беру ұсынылады.

Бұл шара сала сарапшыларының кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етіп, энергия аудитінің сапасын жақсартады.

Заң жобасында энергия аудиттерін толық, мақсатты және жедел энергия аудиті етіп жіктеу көзделген.

Үшінші. Энергия үнемдеу саясатын іске асыруда жергілікті атқарушы органдар маңызды рөл атқарады. Бүгінде жергілікті жерлерде энергия үнемдеу шараларына бағытталған бағдарламалар жоқ.

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдарға үш жылға арналған жол карталарын қабылдау және іске асыру құзыретін беру ұсынылады.

Төртінші. Энергия үнемдеудің елеулі әлеуеті бар бюджет секторын реттеуді күшейту және бюджет шығындарын азайту мақсатында келесі құралдар ұсынылады:

мемлекеттік мекемелерде энергия үнемдеуді камтамасыз ететін, сонымен бірге энергия тұтынатын жабдықтар нарығын қайта құруға серпін беретін энергия тиімді мемлекеттік сатып алуды енгізу;

энергия тұтыну нормативтерін қабылдау, олардың сақталуына мониторинг жүргізу, бенчмаркинг және энергия тиімділік бойынша тиісті ұсынымдар беру.

Бесінші. Бизнеске бұзушылықтарды өз бетінше жоюға мүмкіндік беру мақсатында энергия үнемдеу саласы үшін жаңа мемлекеттік бақылау тетігін, яғни субъектілерге бармай профилактикалық бақылау, оның тәртібін айқындау көзделеді.

Жалпы алғанда, заң жобасын қабылдау экономика секторларының энергия тиімділігін арттыруға, тиісінше жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендетуге ықпал етеді.

Заң жобасының маңыздылығын ескере отырып бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Абасов Қайнар Бегалыұлына беріледі.

АБАСОВ Қ.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бейбіт Бәкірұлы! Заң жобасының нормаларына сәйкес Сіздің министрлік мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілейтін болады, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың мониторингін жүргізеді.

Осы мониторингті өткізу механизмі қандай және мемлекеттік сатып алуды энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды сақтамай өткізген жағдайда жауапкершілік қарастырылған ба? Осыны түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Рақмет.

Энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілеу үшін біз, біріншіден, тауарлардың тізбесін айқындаймыз, екіншіден, оған өзінің тәртібін, методикасын енгіземіз, үшіншіден, Қаржы министрлігі арқылы мемлекеттік

сатып алу процедурасы өтеді. Ол жерде өздерінің мәліметтері болады. Мемлекеттік сатып алу қалай өткізілгенін біз жыл сайын сол мәліметтер арқылы тексереміз. Егер заңды бұзған әкімшіліктер болса, ондағы нақты лауазым иелеріне біз тәртіптік немесе әкімшілік шара қолданамыз. Біз қазір Әділет министрлігімен бірге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізіп жатырмыз. Бүгінгі таңда оның барлығы мемлекеттік органдармен келісілуде.

ТӨРАҒА. Жаксы.

Сөз депутат Симонов Сергей Анатольевичке беріледі.

СИМОНОВ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бейбут Бакирович! Законопроектом предлагается для субъектов Государственного энергетического реестра исключить обязанность предоставлять уполномоченному государственному органу данные по потреблению и потере воды.

Кроме того, законопроект исключает обязанность субъектов реестра обеспечивать ежегодное снижение объема потребления воды.

Во время обсуждения на заседаниях рабочей группы депутатами предложено исключить вышеуказанные нормы и оставить в действующей редакции закона.

В этой связи скажите, пожалуйста, какова Ваша позиция по данному предложению депутатов? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Бейбут Бакирович.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Действительно, мы поддерживаем это предложение. Дополнительно мы проработали с Министерством экологии, геологии и природных ресурсов и убедились в том, что у нас нет сегодня возможности получать и учитывать само водопотребление. Поэтому, исходя из того, что водопотребление является частью энергоэффективности, мы согласились и поддержали данное предложение депутатов.

ТӨРАҒА. Бейбут Бакирович, посмотрите, в правительственном варианте взаимоисключающие вещи – исключить обязанность предоставлять уполномоченному органу данные по потреблению и потере воды и законодательно (Вы принесли сюда проект) обязать субъекты реестра обеспечивать ежегодное снижение объема потребления воды. А каким образом, если вы контроль снимаете?

Поэтому если принять предложение Вашего министерства, то тысячи промышленных предприятий, в том числе коммерческих и бюджетных, просто... Они потребляют воду откуда? Из системы внутреннего водопотребления.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Да.

ТӨРАҒА. Образно говоря, из системы горводоканала, да? Они останутся полностью вне контроля. Что это означает? Означает, что вопрос, как они используют воду (рационально или нет), остается открытым. Этого, понятно, нельзя допускать, тем более в сегодняшних условиях, откровенно говоря, климатических изменений в мире, которые влекут серьезный дефицит воды. В

ближайшем будущем в том числе и вопрос межгосударственных отношений будет складываться не только через экономику, но и по воде, водопотреблению. Поэтому законопроект должен предусматривать систему контроля водопотребления.

Поправки депутатов о необходимости сохранения действующей системы контроля водопотребления нужно обязательно поддержать.

Александр Александрович, прошу Вас до второго чтения отработать, тем более, что и министр сегодня заявил, что у них нет возражений против того, чтобы изменить эти нормы. Так, Бейбут Бакирович, да?

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Да, поддерживаю.

ТӨРАҒА. Жаксы.

Сөз депутат Үйсiмбаев Аскарбек Съезбекұлына берiледi.

ҮЙСІМБАЕВ А.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бейбіт Бәкірұлы! Заң жобасы шеңберінде жергілікті атқарушы органдарға үш жылға арналған энергия үнемдеу жөніндегі жол карталарын әзірлеу және бекіту құзыретін беру ұсынылып отыр. Дегенмен қолданыстағы заңнама осы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Жергілікті атқарушы органдардың аумақты дамыту бағдарламасына энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды енгізу жөніндегі құзыреті бар. Оларда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша да құзыреттері бар. Менің ойымша, осы қолдағы бар құзыреттері шеңберінде құжат әзірлеп, оны «жол картасы» деп атауға және тиісті іс-шараларды жүргізуге болады ғой.

Осы нормадан қандай жаңа құқықтық нәтиже және басқару нәтижесін алуға болатынын түсіндіріп беріңізші. Рақмет.

АТАМҚҰЛОВА Б.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл өте өзекті мәселе. Бұл мәселе бойынша біз жергілікті атқарушы органдармен пікірлестік. Сіздің айтып отырғаныңыз дұрыс, жол картасымен ғана қалдыруға болатын еді. Дегенмен бізде бүгін аумақты дамыту бағдарламасы бар, ол бағдарламаға энергия тиімділігі туралы индикатор енгізілген. Бүгін әр аймақ өзінің жол картасын жасады. Ол жол картасы министрлікпен келісілмеген.

Индикаторлардың нормалары қалай орындалып жатыр, жол картасының іс-шаралары қандай деңгейде, оған қандай іс-шаралар енгізілді, міне, осының бәрі әр аймақта өз тәртібімен кеткен. Біз аймақтармен оның бәрін талқыладық. Мысалы, Павлодар энергия тиімділігі бойынша бірінші орында келе жатыр, ал Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстары ең соңғы орында.

Сонымен қатар «формализм» деген бар. Формализм болмау үшін біз оны заңға енгізіп жатырмыз. Және үш жылдық іс-шара қабылдау керек. Сол жол картасы тиімді болу үшін, нақты нәтижеге жетуі үшін ол іс-шараларды қаржыландыру керек. Қаржыландыру болғаннан кейін ол мәслихаттан өтеді, әкімшілік болғаннан кейін кейбір мәселелермен бізге шығады. Оны заңды түрде қаржыландыру үшін, әкімшілік болу үшін ол карталарды нақты заңға

енгізу керек деп жергілікті атқарушы органдар ұсыныспен шықты. Сондықтан біз солай жасап отырмыз.

ТӨРАҒА. Жаксы.

Сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Бейбут Бакирович! В соответствии с нормами законопроекта субъекты Государственного энергетического реестра, потребляющие энергетические ресурсы в объеме, эквивалентном 1 тысяче 500 и более тонн условного топлива в год, обязаны назначить ответственное лицо по энергоснабжению и повышению энергоэффективности.

Наряду с этим законопроектом внедряется система энергоменеджмента, одним из ключевых элементов которой является назначение на предприятиях энергоменеджера, в обязанности которого также входят функции по энергосбережению и повышению энергоэффективности.

В связи с этим поясните, пожалуйста, не будут ли в данном случае функции ответственного лица и энергоменеджера дублироваться между собой? В законопроекте эти моменты не отражены.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Спасибо.

С одной стороны, Вы задали правильный вопрос, потому что мы уполномоченное лицо определили энергоменеджером, а вот энергоменеджмент в закон не ввели, потому что это может ударить по компании, так как это финансовые расходы. В первом реестре у нас было более 4 тысяч компаний, где должны были ввести. Мы назвали его ответственным лицом по энергосбережению, а параллельно сейчас вводят слово «энергоменеджер». Это будет одно ответственное лицо. Мы сузили количество компаний до 854. Это только крупные компании, как Вы сейчас отметили, у которых по условному топливу больше, чем указанная сумма. Они будут ключевыми людьми, которые будут работать с институтом энергосбережения. На постоянной основе они должны нам давать анализ по своим предприятиям (в частности, все мероприятия, проводимые по данному крупному предприятию, полностью анализ и мониторинг оборудования, которое закупается для уменьшения энергозатрат), а также проводить соответствующую работу с инженерно-техническим составом данного предприятия.

Кроме того, у нас есть государственные закупки (я сегодня в первом вопросе затронул), где не будет энергоменеджеров, но мы через мониторинг государственных закупок и Министерство финансов будем уже работать по государственным учреждениям. То есть это больницы, школы и культурные учреждения.

ТӨРАҒА. Непонятно, Бейбут Бакирович. Вопрос был абсолютно другой. Олең айтқандай. Песню пропели, и все. Вопрос был четкий.

Ответственное лицо по энергосбережению – это одна позиция, энергоменеджер – вторая. Предприятие вне зависимости от собственности, если потребляет, по-моему, 1 тысячу 500 тонн условного топлива и больше.

Вы абсолютно правы, это зарплата, это менеджеры. Но вопрос был конкретным – по дублированию. Вы сейчас своим ответом практически подтвердили, что дублирование происходит. Тогда вопрос. В законопроекте это не отражено. Какая необходимость по двум позициям? Вы сейчас правильно говорите, что государственные деньги, если это государственное предприятие, но мы теперь еще и бизнес заставим дополнительные расходы нести. Какая необходимость? Дублирование происходит, судя по Вашему ответу. Тогда зачем мы две должности законодательно обязываем? Если нет ответа, то до второго чтения разберитесь.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Можно мне разобраться?

ТӨРАҒА. Конечно. В следующий раз, пока не разобрались, не надо так отвечать. Туда-сюда гоняете.

Александр Александрович, надо разобраться. Если нет дублирования, тогда необходимо четко прописать функционал на законодательном уровне. Если это энергоменеджмент, который занимается техническим обеспечением (предыдущие вопросы были по закупкам), – это одно, а если ответственное лицо по энергосбережению, то это другое. Тогда это нужно законодательно, Бейбут Бакирович, прописать и отразить в законопроекте. Хорошо?

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Хорошо.

ТӨРАҒА. Разберитесь, пожалуйста.

Сөз депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Бейбіт Бәкірұлы! Бүгінгі күні энергия аудиторы өз қызметін жүзеге асыру үшін уәкілетті орган берген аттестаттың болуы жеткілікті болды.

Заң жобасында бұл норма алып тасталып, енді аттестаттың орнына сертификат берілетін болады. Аттестатты сертификатқа ауыстырғанымызда біз неге қол жеткіземіз? Қазір энергия аудиторларын сертификаттау үшін персоналдың сәйкестігін растаумен айналысатын ұйымдар бар ма, оған мамандар жеткілікті ме? Аттестат пен сертификаттың айырмашылығын айтып берсеңіз. Рақмет.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл өте қажет. Бізде қолдарында формальды аттестаттары бар мамандар көбейіп кетті. Аттестатты бұрын біздің министрліктен алуға болатын. Оны алу үшін құжаттарын өткізеді және оны алуда талап қатаң болмады, оның инженерлік дипломы болса, бір жылдық тәжірибесі болса, біз міндетті түрде аттестатты беруіміз керек. Біз басқа елдердің тәжірибесін, Германияның тәжірибесін қарап, DIN институтымен бірге осыны енгізіп жатырмыз.

Сертификатты енді мемлекеттік орган емес, шенеунік емес, сәйкестікті растау жөніндегі орган ғана береді. Және одан өту екі этаптан тұрады.

Бірінші – теория. Ол өзінің білімін дәлелдеп емтихан тапсырады.

Екінші – практика. Практика жүзінде құрал-жабдықтармен қалай жұмыс істейтінін біледі. Ол қосымша болады. Ол соның бәрін өту керек.

Заң қабылданғаннан кейін сәйкестікті растау жөніндегі органдардың өздері-ақ нарықта пайда болады. Негізі қазір ондай ұйымдар бар. Біз бір жыл

мерзім беріп отырмыз, бір жылдан кейін осы нормалар күшіне енеді. Бір жылдың ішінде ол органдар өздерінің персоналдарын, мамандарын, жабдықтарын реттейді. Сертификаттарын министрліктің Техникалық реттеу және метрология комитеті арқылы алады. Оның барлығы сапаны көтеру үшін жасалады.

ТӨРАҒА. Жаксы. Бейбіт Бәкірұлы, рақмет. Орныңызға отыра беріңіз.

Құрметті депутаттар, сұрақтар аяқталды.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында және «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамада елдің жалпы ішкі өнімінің энергия сыйымдылығын 2025 жылға қарай 25 пайызға және 2050 жылға қарай 50 пайызға төмендету бойынша міндеттер айқындалған.

Қазіргі заманғы энергия үнемдеу жүйесінің негізі индустриялық-инновациялық дамудың бірінші бесжылдығы кезеңінде қаланғанын атап өткім келеді.

Энергия үнемдеу жүйесінің негізгі екі элементі құрылып, жұмыс істеуде, олар – Мемлекеттік энергетикалық тізілім және Энергия тиімділігі картасы.

Мемлекеттік энергетикалық тізілімге 20 мыңнан астам ұйым кіреді. Тізілім шеңберінде шамамен 1 мың 500 субъект энергия аудитін жүргізді және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шараларды енгізді.

Қаралып отырған заң жобасының негізгі нормалары:

энергетикалық аудит жүйесін жетілдіруге;

энергия менеджменті жүйесін енгізуге;

уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарға қосымша құзыреттер беруге;

бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай мемлекеттік профилактикалық бақылауды енгізуге бағытталған.

Заң жобасын қабылдау:

энергияны тұтынуға арналған қаржылық шығындарды кезең-кезеңімен қысқартуға және экономиканың барлық салаларында энергия тиімділігін арттырудан пайда алуға;

жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендетуге;

энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тетігін жақсартуға;

энергияны тиімді пайдалануға қол жеткізу арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға;

энергия аудитінің сапасын арттыруға;

нарықта энергиялық тиімді жабдықтардың үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні мемлекеттік органдардың, сарапшылардың және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен заң жобасының таныстырылымы және жұмыс тобының жеті отырысы өткізілді. Депутаттардың 70-тен астам ұсынысы қаралып талқыланды.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді және оның тұжырымдамасын қолдап отыр.

Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Рау Альберт Павловичке.

РАУ А.П. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Как уже было сказано, впервые требования, конкретные показатели по энергосбережению поставил Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев в рамках первой пятилетки Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития.

В 2012 году был принят принципиально новый закон, предусматривающий основные направления политики энергосбережения. Как уже было сказано, был введен обязательный энергоаудит крупных энергопотребителей, бюджетных объектов, реализованы механизмы финансовой поддержки энергосервисных организаций.

Данные меры позволили снизить энергоемкость валового внутреннего продукта на 33 процента от уровня 2008 года. Это было достигнуто как за счет предпринимаемых усилий по снижению энергоемкости, модернизации действующих производств, так и за счет того, что все новые предприятия уже строились по новым требованиям, которые сегодня соответствуют требованиям передовых стран.

Несмотря на это, энергоемкость нашей страны остается в два раза выше среднемирового показателя и в три раза выше стран ОЭСР.

Совместный проект со Всемирным Банком «Повышение энергоэффективности» показал имеющийся потенциал энергосбережения в социальной сфере, достигающий 40 процентов.

Необходимо отметить, что в своем Послании Главой государства поставлена амбициозная задача по достижению углеродной нейтральности к 2060 году и энергосбережение является одним из ключевых инструментов по ее достижению.

Рассматриваемый законопроект направлен на реализацию имеющегося потенциала и включает нормы по внедрению энергоэффективных закупок в бюджетной сфере, установлению энергопотребления для государственных учреждений. Законопроектом совершенствуются системы государственного энергетического реестра и энергоаудита.

Все предложенные инструменты и меры являются актуальными и необходимыми.

Предлагаю поддержать данный законопроект в первом чтении с учетом поступивших предложений при обсуждении. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Альберт Павлович.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті, сол ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шағынтаева.